

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
университеті**

**С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2017-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Өскемен, 2017

**Стратегияның негізгі қағидалары
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілді (2017 жылғы 28
ақпандағы №4 хаттама)**

**С.Аманжолов атындағы ШҚМУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
қайта бекітілді (2017 жылғы 30
қазандағы №1 хаттама)**

МАЗМҰНЫ

I	Кіріспе	3
II	Миссиясы, пайымы	4
III	Ағымдағы жағдайына талдау жасау және тәуекелді басқару	6
IV	Университет қызметінің стратегиялық бағыттары	15
V	Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және көрсеткіштері	17
VI	Қорытынды	24
VII	Стратегияны әзірлеуге негіз болған бағдарламалық және басқа да нормативті-құқықтық құжаттар тізімі	24

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет

Н.Ә. Назарбаев

1. Кіріспе

Ғылым мен білімді дамыту әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың, Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілетті болуға және әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына енуге жетудің басты міндеті болып табылады. Заманауи білім беру жүйесінің, кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жыл сайынғы Жолдауларында атап көрсетілген.

Елбасы ұсынған әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына ену стратегиясында жоғары білім мен ғылым саласындағы алда тұрған жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары айқындалған:

- оқытудың және түлектерді жұмысқа орналасуға ықпал жасаудың тиімді жүйесін құру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, Қазақстанның тұрақты дамуын ғылыми экономика ұстанымдары негізінде қамтамасыз ету;

- жетекші университеттерге академиялық және басқару автономиясын беру;

- білім беру жүйесін халықаралық үлгідегі сертификаттар алу арқылы дамыту;

- ұлттық экономиканың мамандарға ағымдағы және келешектегі қажеттілігін барынша қанағаттандыру;

- ЖОО ғылыми-зерттеу қызметін дамыту: қолданбалы және ғылыми-зерттеу бөлімшелерін құру және дамыту.

Осы міндеттерді тиімді шешу үшін мемлекет тарапынан жоғары оқу орындарына барлық жағдайлар жасалуда: қамқоршылық және бақылау кеңестерін, немесе корпоративтік басқарудың өзге де түрлерін құру арқылы білім беру жүйесі мен бизнес интеграциясының жаңа тетігі қалыптасуда, білім мен ғылым жүйесінің құқықтық базасы жаңартылуда, жоғары оқу орындарының академиялық бостандығы кеңейтілуде және т.с.с.

Қойылған міндеттерді жүзеге сәтті асыру үшін С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті заманауи және тиімді басқару жүйесі мен сапа менеджментіне, кредиттік технология мен оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығына, профессорлар мен оқытушылардың ғылыми және инновациялық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыруға, заманауи ғылыми инфрақұрылымға, жаңа формация кадрларын даярлау мен қайта даярлаудың тиімді жүйесіне, бизнес саласымен ұтымды байланысқа, оқыту әдістемелерін оңтайландыруға, білім берудің онлайн жүйесін белсенді

дамытуға және оқытудың тиімді инновациялық әдістерін ендіруге негізделген университеттің жаңа моделін құруы қажет.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (осыдан былай – Университет) даму стратегиясы университет жұмысының негізгі бағыттарын айқындайды, бақылау көрсеткіштері көрсетілген және РК ШҚМУ 002-13 «Сапа жөніндегі нұсқау» атты құжаттандырылған рәсімге сәйкес жасалған.

С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-ң 2017-2021 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеудің қажеттілігі ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, елдің және білім беру жүйесінің дамуындағы жаңа басымдықтарға байланысты туындады:

– нормативті-құқықтық базадағы өзгертулер: «Ғылым туралы» Заң, «Білім туралы» Заң;

– ҚР Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы;

– ҚР БЖҒМ 2017-2021 жж. арналған Стратегиялық жоспары.

Бұл стратегия 2015-2020 жылдарға арналған С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің даму стратегиясын (2015 жыл) бекіткеннен бері өткен төрт жыл ішіндегі макроэкономикалық жағдайдың өзгеруін ескере отырып, ішкі және сыртқы ортаға талдау жасау негізінде құрастырылған. Аталмыш құжат еліміздің индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға белсене атсалыса алатын аймақ пен республиканың еңбек нарығына қажет бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жолында университеттің жетекші рөлін қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдік тенденциялар және олармен байланысты Қазақстандағы инновациялық үрдістер қазақстандық білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етуде, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 2021 жылға дейінгі Даму стратегиясын әзірлеу барысында, сонымен бірге, еліміздің ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы да ескерілген.

II. Миссиясы, пайымы

Миссиясы: Қазақстанның инновациялық дамуы жолында халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастырудағы университеттің жетекші рөлін қамтамасыз ету.

Бұл миссияны іске асыру еңбек нарығының әлемдік талаптарына сай заманауи технологияларды, ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметінің дағдыларын меңгерген, құзыретті, әлеуметтік-жауапкершіл және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды көздейді.

Сонымен қатар, осы миссияны іске асыру Университеттің мәдени, білім беру, зияткерлік және инновациялық бірыңғай кеңістігін қалыптастыруды, әлемдік тенденциялар мен Болон үрдісінің ұстанымдарына сәйкес үздіксіз білім берудің сапасын қамтамасыз етуді, халықаралық ынтымақтастықты

белсендіруді және Университеттің студенттері мен қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуді қарастырады.

Пайымы: Университет өзін Қазақстанның инновациялық дамуы жолында әлемнің және еліміздің үздік жоғары оқу орындарының рейтингісіне енетін **ғылыми-зерттеу және білім беру орталығы** ретінде танытатын болады.

Мақсаты: әлемдік дамудың заманауи жаһандану үрдістері мен трендтерін сын тұрғысынан аксиологиялық талдауға қабілетті, ұлттық тіл мен мәдениетінің әлемдік өркениет кеңістігіне кірігуіне ықпал ететін маманның құзыретті, көптілді, әлеуметтік белсенді, отансүйгіш тұлғасын қалыптастыру.

Миссияны іске асыру үшін және мақсатқа жету жолында Университет келесі міндеттерді шешуі тиіс:

1. Қазақстандық және әлемдік деңгейдегі мамандарды тарта отырып инновациялық білім беру бағдарламаларын құрастыру негізінде білім беру үрдісінің мазмұны мен ұйымдастыруын жаңғырту.

2. Студенттерді іргелі және қолданбалы зерттеулерге жұмылдыру негізінде ғылыми-зерттеу үрдісін жетілдіру, ғылыми-зерттеу кластерлер құру арқылы профессорлар мен оқытушылардың инновациялық қызметін ынталандыру.

3. Кадрлық потенциалды дамыту және үздік шетелдік және отандық білім беру тәжірибелерін тарату.

4. Университеттің жаңа ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру және корпоративтік басқару ұстанымдары мен автономиялыққа көшу арқылы оның тиімділігін арттыру.

5. Университет кампусының заманауи материалдық-техникалық инфрақұрылымын құру.

С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың **миссиясы мен пайымдауының** осылайша анықталуы – Университеттің даму басымдықтары ретінде оның бірқатар жылдар бойы классикалық (көпбейінді) интегративтік белгілерінің болуына байланысты:

– кәсіптік даярлауды мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру: Білім; Гуманитарлық ғылымдар; Құқық; Әлеуметтік ғылымдар мен бизнес; Жаратылыстану ғылымдары; Техникалық ғылымдар мен технологиялар; Қызмет көрсету.

– ғылым, білім мен экономиканың заманауи салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;

– халықаралық ғылым мен білім кеңістігіне интеграциялану; оқытушылар және білім алушылармен академиялық алмасу;

– жоғары білікті профессорлар мен оқытушылар құрамы;

– тиісті материалдық-техникалық базаның болуы;

– әлеуметтік серіктестіктің дамыған жүйесі.

Университеттің стратегиялық пайымы оның қызметінің негізгі бағыттары бойынша 2021 жылы Қазақстан мен халықаралық ғылым-білім кеңістігінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары ішінде болуын көздейді. Бұл оған

белгілі бренді бар университеттердің қатарынан орын алуға мүмкіндік беріп, халықаралық университеттер кеңістігінде танымал болуын қамтамасыз етеді.

III. Ағымдағы жағдайына талдау жасау және тәуекелді басқару

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 2015-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес ЖОО басқару тиімділігін арттыру және оның қызметін қаржыландыру бағытында бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Функционалды-дивизионалды басқару жүйесі жетілдіріп, корпоративтік менеджмент ұстанымдары енгізілді. Университетте сапа менеджментінің сертификатталған жүйесі енгізілген. Қамқоршылық кеңесі, Бақылау кеңесі құрылған, Ғылыми кеңесі, студенттік өзін-өзі басқару органдары мен Түлектер қауымдастығы қызметінің тиімділігі артқан, ЖОО жұмысында әлеуметтік серіктестердің қатысуы жоғарылаған. Нормативтік база жаңартылып, заманауи талаптарға сай келтірілді, ресурстарды басқару жүйесі жасалды, Университеттің имиджін қамтамасыз ету жұмыстары анағұрлым артты. Стратегиялық жоспарлау жүйесін енгізу және автономиялыққа өту жұмыстары бастау алды.

Университеттегі корпоративтік мәдениеттің деңгейі барша қызметкерлерге ортақ рухани құндылықтардың жиынтығымен анықталады. Университетте оқытушылар мен студенттердің негізгі этикалық ережелерін анықтайтын «Оқытушының ар-намыс кодексі» және «Студенттің ар-намыс кодексі» қабылданып, бекітілген. Университеттегі басқару жүйесімен қанағаттануды бағалау жыл сайынғы СММЖБ бөлімі жүргізетін «Оқытушылардың еңбекті ұйымдастыруымен қанағаттануы» және «Студенттердің білім беру қызметі сапасымен қанағаттануы», «Жұмыс берушілердің түлектер сапасымен қанағаттануы» атты әлеуметтік сауалнама арқылы анықталады.

ШҚМУ-дің ғылыми және білім беру қызметтерінің сапасын растаудың дәлелі болып табылады:

- Университет институционалды аккредиттеуден сәтті өтіп, НКАОКО-мен 5-жылдық мерзімге аккредиттенді (сертификат ІА №0047, 10.06.2014 жылдан – 09.06.2019 жылға дейін);

- Университеттің бакалавриат пен магистратурасының барлық мамандықтары БСҚА, АРТА және ASIIN жүргізген ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден өтті (96%);

- Университет институционалды аккредиттеуден сәтті өтіп, НКАОКО-мен 5-жылдық мерзімге аккредиттенді (сертификат ІА №0047, 10.06.2014 жылдан – 09.06.2019 жылға дейін);

Университеттің білім беру қызметінің жоғары сапасын халықаралық және қазақстандық тәуелсіз агенттіктер мен қызметтер өткізетін әртүрлі рейтингтердің нәтижелері растайды:

шетел агенттіктері:

– «Webometrics Ranking of World Universities» бағасы бойынша С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 10446 орында (Қазақстанның 106 ЖОО-ның арасында 21 орын);

– 4 International Colleges & Universities бағасы бойынша С.Аманжолов атындағы ШҚМУ әлемнің 12358 ЖОО-ның арасында 6017 орында (Қазақстанның 109 ЖОО-ның арасында 12 орында);

– жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингінде (ARES-2017) С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «А» категориясына енді: білім беру, ғылыми қызметі және түлектердің талап етілуінің жоғары сапасы (High quality performance) (Қазақстанның 95 ЖОО-ның арасында 11 орында).

республикалық орталықтар:

– 2017 ж. – БСҚА жүргізген Қазақстан ЖОО ұлттық рейтингісі бойынша 21 көпбейінді ЖОО ішінде 6-ші орынды иеленді.

– АРТА өткізген 2017 жылғы бағыттары мен деңгейлері бойынша мамандарды даярлау ҚР ЖОО талап етілуінің ұлттық рейтингісі келесі орындарға ие болды:

«Білім беру» бағыты бойынша – 8 орын;

«Гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша – 7 орын

«Әлеуметтік ғылымдар» бағыты бойынша – 6 орын

«Жаратылыстану ғылымдары» бағыты бойынша – 6 орын.

– білім беру бағдарламалары бойынша рейтинг бойынша НААР өткізетін мамандарды даярлаудың деңгейлері мен бағыттары бойынша бакалавриат және магистратура бойынша 15 білім беру бағдарламасы бірінші орынды иеленді.

Университетте **жоғары кәсіптік білім мамандарын даярлау (бакалавриат)** 7 бағыт бойынша жүзеге асырылады. Студенттерді оқыту күндізгі, кешкі және сырттай оқыту түрлерінде 45 мамандық бойынша жүргізіледі.

Магистранттарды даярлау 6 бағыт бойынша жүргізіледі: Білім, Гуманитарлық ғылымдар, Құқық, Әлеуметтік ғылымдар мен бизнес, Жаратылыстану ғылымдары, Қызмет көрсету.

PhD докторантураға даярлау 3 мамандық (6D050600 – Физика, 6D020300 – Тарих, 6D020100 – Философия) бойынша жүзеге асырылады.

Шығыс Қазақстан облысы жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларына (ББ) талдау жасай келе төмендегідей қорытындыға келуге болады: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 8 ББ бойынша дайындық жүргізетін аймақтағы тендесі жоқ жалғыз жоғары оқу орны. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-да ашылған докторантураның ББ Шығыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелесі жоқ. Сонымен, Университет өзін еліміздің Шығыс аймағындағы жетекші жоғары оқу орны ретінде таныта алады.

Университеттегі оқу үрдісін білікті профессорлар мен оқытушылар жүргізеді, оның 80% - штаттағы оқытушылар. Мәліметтерді талдау мынаны көрсетеді: абсолюттік көрсеткіштерде «дәрежесі» бар оқытушылар саны біраз төмендеу, ал пайыздық шамамен ПОҚ-ң жалпы санына шаққанда тұрақты

өсім байқалады. Ғылыми дәреже мен атақ иегерлері БҒСБК (ЖАК) Классификаторына сәйкес ғылыми бағыттарды толық қамтиды.

Оқытушылар құзыреттілігін бағалаудың негізгі тетігінің бірі болып ПОҚ рейтингісі саналады. ПОҚ қызметінің сапасын анықтау жыл сайын «С.Аманжолов атындағы ШҚМУ профессорлары, оқытушылары мен қызметкерлерінің ынталандыру төлемақы туралы Ереже» негізінде жүзеге асырылады. Университет басшылығы рейтинг нәтижелерін келісімді ұзарту, немесе кадрлық тағайындаулар жөнінде шешім қабылдағанда және ПОҚ, кафедра меңгерушілері, декандар мен орынбасарларының еңбекақысына қосатын үстеменің мөлшерін анықтауда қолданады.

2012 жылдың қыркүйегінде Университет базасында оқытудың және профессорлар мен оқытушылардың сапасын арттыру мақсатында Біліктілікті бекіту орталығы (ББО) ашылды. ББО базасында шетелдік мамандарды шақырумен біліктілікті арттыру курстары және халықаралық тағылымдамалар өткізіледі.

Еңбек нарығының қажеттігін бағалау үшін және мүдделі тараптарды Университеттің дамуына тарту үшін білім мекемелерімен, қазақстандық ірі кәсіпорындармен және бизнес-құрылымдармен іскерлік тығыз байланыстар орнатылған.

Ғылыми қызмет ғылыми-зерттеу зертханалар мен орталықтарда атқарылады. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы Физика-химиялық зерттеулердің сынақ орталығында (Ұжымдық пайдаланудағы ұлттық ғылыми зертхана, Экология ОҒЗО), «Алтайтану» ҒЗО, «Назарбаевтану» ғылыми-білім беру орталығында, «Зияткер» ғылыми-білім беру орталығында, технологияларды коммерцияландыру офисінде, біліктілікті бекіту орталығында және университеттің 18 кафедрасында жүзеге асырылады. Осы орталықтардың бірі – Ұжымдық пайдаланудағы ұлттық ғылыми зертхана – еліміздің Шығыс аймағындағы бірегейі болып табылады.

Университеттің қызметкерлері мен ПОҚ орындаған жұмыстарының жалпы көлемі тек 2017 жылы ғана 96 132,43 млн. теңгені құрады.

Университеттің **халықаралық ынтымақтастық** жұмысы әлемдік білім қоғамдастығына енуге, беделді мемлекетаралық бірлестіктер жұмысына қатысуға, алыс және жақын шетелдерінің ЖОО-мен әрекет жасасуға бағытталған. Университет ЖОО-ның жеті халықаралық Ассоциациясының мүшесі: Университеттердің Еуразиялық Ассоциациясы (1995 г.); Жоғары мектептің Халықаралық Академиясы (1998 г.); Университеттердің Ұлы Хартиясы (2009 г.); «Алтай – біздің ортақ үйіміз» Халықаралық координациялық кеңесі (2011 г.); Азия елдері Университеттерінің Ассоциациясы (2013 г.), Еуропа Университеттері Ассоциациясы (2016 г.), «(STAR-NET) ядролық технология саласының білім беру және мамандар дайындау» өңірлік желісі (2016 г.). «Алтай – біздің ортақ үйіміз» атты Халықаралық үйлестіруші кеңеспен ынтымақтастық аясында Университеттің студенттері мен жас оқытушылары 4 шекаралас мемлекеттің (Қазақстан,

Қытай, Монғолия, Ресей) аумағында өткен конференцияларға қатысты. 2014 жылы Университет Үлкен Алтай ЖОО ректорларының кеңесін басқарды.

«ЖОО-лардың топ-менеджментіне шетелдік мамандарды тарту туралы» ҚР БЖҒМ 2016 жылдың 15 тамызындағы №507 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылында Томаш Бати университетінің (Злин қ., Чехия) профессоры Иржи Хлахлуа жұмысқа қабылданды.

Халықаралық ынтымақтастық шетел ЖОО-мен, ғылыми орталықтарымен және Еуроодақ, Азия, ТМД елдерінің өзге де ғылыми ұйымдарымен, халықаралық ғылым-білім қорларымен, Қазақстандағы елшіліктермен және өкілдіктермен келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады.

Университет қосдипломды білім бағдарламасы бойынша Оңтүстік Кореяның (Джионгсанг Ұлттық Университеті, Ченгджу қ.) және Ресей Федерациясы (И. Ползунов атындағы Алтай мемлекеттік техникалық университеті, Алтай мемлекеттік университеті, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті) университеттерімен келісімге отырған.

Халықаралық алмасу және халықаралық ұйымдар (DAAD, Erasmus +, ITCES, UGRAD, Goethe-Institut, Mevlana) бағдарламалары аясында студенттер мен оқытушылар шетелде тағылымдамадан өтті.

Факультеттердің шығарушы кафедраларында тәжірибелік даярлауды арттыру мақсатында дипломдық жобаны кәсіпорындардың нақтылы тапсырысы бойынша әзірлеу жұмыстары ұйымдастырылды. Университет кәсіптік практиканы ұйымдастыру үрдісіне әлеуметтік серіктестерді белсенді түрде жұмылдыру мақсатымен кафедраларының филиалдарын ашты.

Университеттің басымды міндеттерінің бірі – жоғары азаматтық және рухани ұстанымдарға, патриоттық сезім мен әлеуметтік жауапкершілікке ие **жастарды тәрбиелеу** үшін шаралар кешенін іске асыру болып табылады. Университетте білім алушылардың шығармашылық дамуына, бұқаралық спорттық шаралар өткізуге барлық қажетті жағдай жасалған. Жастар ұйымдарының жұмысына қатысушылардың үлесі студенттердің жалпы санына шаққанда 61% құрайды. Тығыз қарым-қатынас ортасын қалыптастыру үшін Университетте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері белсенді қолдануда: мысалы, білім алушыларға он-лайн форумын өткізуге, Университеттің әкімшілігімен байланыс орнатуға, академиялық мәселелер бойынша ақпарат алуға мүмкіндік беретін www.vkgu.kz әлеуметтік сайты өз септігін тигізуде.

Университеттің **инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасы** әкімшілік, оқу және оқу-зертханалық ғимараттарынан, қосымша бөлмелерден және студенттер мен қызметкерлердің тұруына арналған студенттер үйлерінен құралады.

Университет сапалы білім беру қызметін көрсетуге қажет заманауи ресурстармен қамтылған. Университеттің балансында жалпы ауданы 58661,5 м² құрайтын 8 оқу-зертханалық ғимараттары бар; оның ішінде оқу-зертханалық нысандар ауданы – 19310,6 м², денешынықтыру және спорт нысандарының ауданы – 8621,1 м².

Университет өзге мекеннен келген студенттерге жалпы ауданы 16687,1 м² құрайтын 1753 орындық 4 жатақхана ұсынады; жатақханалар тұрмыстық және душ қабылдау бөлмелерімен, тұрмыстық техника, телевизор, Интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар компьютерлер қойылған демалыс бөлмелерімен қамтылған.

Университетте жалпы ауданы 2108 м² құрайтын ірі ғылыми кітапхана жұмыс істейді; кітапхана қоры 1 млн данадан асады.

Сонымен қатар, Университет тарихының мұражайы, Бажанов атындағы табиғат мұражайы, геологиялық мұражай, «Чайка» спорттық-жүзу бассейні, «Берел» баспасы қызмет атқарады.

Оқытушылар мен білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпаратпен қамтылған білім беру және қашықтықтан оқыту порталы қызмет жасайды. Университеттің білімді ақпараттандыруға бағыт алғаны ғылыми кітапхананың даму стратегиясына да әсер етті. Кітапханада дәстүрлі оқу залы, әдебиет абонементі, каталогтар, кітап қорына қоса, электронды ресурстар орталықтарының ашылуына байланысты ұсынатын қызмет көлемі де недәуір өсе түсті.

SMART-Университеттің құрылымдары белсенді түрде енгізілуде: Университеттің техникалық тәртібі бекітілді; Университет ішінде электронды құжаталмасу жүргізілуде; Университеттің ақпараттық-білім беру порталы жүйесі жанданды; қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқыту үрдісі жанданды; білім беру бағдарламаларын электронды форматқа ауыстыру бойынша кафедра меңгерушілерімен, факультет декандарымен семинарлар, коучингтер жүргізілді; білім беру бағдарламалары мен ЭОӘК жасау мен жүзеге асыру сапасына жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі; SMART-Университетті дамыту тұрғысында кафедралар мен факультеттердің перспективті даму жоспарлары жасалды.

Қазіргі кезде бақылау жүйесін, кіруді бақылауды және бейнебақылауды реттеу және модернизациялау толығымен жүріп жатыр. Университет аумағында және ғимараттарында қолжетімділікті қадағалаудың бірыңғай жүйесін құру, соның ішінде бейнебақылау жүйелері, қолжетімділік жүйесі «Ақылды инфрақұрылым» жүйесінің енгізілуіне алғашқы қадам болып табылады. Бұл жүйенің негізінде университеттің барлық ресурстарын басқару үшін жағдаяттық орталықтар құру жоспарлануда.

Электронды құжат айналымы жүйесі енгізілді және пайдалануға берілді, соның арқасында бизнес-процестерді қамтамасыз етудің тиімділігі едәуір өсті: ғимараттар арасындағы қызметкерлердің қозғалысы азайды; құжат айналымы технологиясы жеделдетілді; құжаттармен жұмыс істеудің ашықтығы артты.

Барлық ақпараттық жүйелерді сервис-бағдарланған сәулетіне бірыңғай деректер қоймасына және қызметтердің қоймасына (кітапханасына) негізделген жүйелік шешім қабылданды. Осындай шешім Университеттегі барлық ақпараттық жүйелерді үйде дамыту және үшінші тарап өндірушілерін кезең-кезеңмен интеграциялауға мүмкіндік береді. Осы шешімнің арқасында жаңадан қосылған ақпараттық жүйелер, соның ішінде ҚР БҒМ жүйелерімен

интеграциялау үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету, байланыс қызметтері ретінде жалпы ақпараттық кеңістікке оңай ықпалдастырылатын болады.

Аймақпен байланыс. Университет өз ықпалын бүкіл Шығыс аймағына тигізуде; жоғары оқу орны облыс пен елдің инновациялық дамуына қажет кадрлардың негізгі «дайындаушысы» болып табылады. ЖОО оқытушылары мен қызметкерлері қоғамның өміріне, қала, облыс пен аймақтың мәдениеті мен ғылымының дамуына белсене атсалысуда. Серіктестіктің негізгі түрлеріне: профессорлар мен оқытушылардың облыстық, аймақтық және халықаралық конференцияларға, семинарлар мен форумдарға, сонымен бірге білім, өнеркәсіп пен экономика саласындағы бағдарламаларға қатысуы жатады.

Жоғары оқу орнының еліміздің ғылыми-зерттеу және білім беру орталығына айналуы. Бұл үрдіс білім өндірген, ауқымды зерттеулер жүргізген, білім мекемелері мен экономиканың жоғары технологиялық секторлары үшін кадрлар даярлаудың және қайта даярлаудың тиімді жүйесін, ғылыми нәтижелердің коммерцияландыру жүйесін ұсынған оқытудың жаңа үлгісін ендіруді қажет етеді. Бүгінгі таңда Университеттің маңызды бағыттарының бірі – заманауи инновациялық құрылымды қалыптастыру болып табылады. Бұл, жоғары оқу орнына **ғылыми-зерттеу және білім орталығы** дәрежесіне жетуге мүмкіндік береді. Шығыс аймағында және халықаралық ғылым-білім кеңістігінде осы дәрежеге жету үшін Университеттің мүмкіндігі мол.

Университет қызметінің SWOT-талдауы. Ағымдағы жағдайды талдау жоғары оқу орны қызметінің әлді және әлсіз жақтарына кешенді сараптау жүргізбегенше, қолайлы мүмкіндіктер мен ықтимал қатерлерді есепке алмағанша оның ахуалы жөнінде жан-жақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Кесте 1 – Ағымдағы жағдайдың SWOT-талдауы

Әлді жақтары (Strengths)	Мүмкіндіктері (opportunities)
Қоғамға танымал және дамуының белгілі басымды бағыттары бар республикамыздың жоғары оқу орны	Халықаралық академиялық қоғамдастыққа кірігу
Университеттің қызметі сапа менеджменті жүйесінің жұмысына негізделген	Кіріс көздерін әртараптандыру
Қаржылық, материалды-техникалық және ақпараттық ресурстардың тұрақты өсуі	Жоғары білім беруді Халықаралық талаптарға сай жетілдіру, оқытудың сапасын арттыру
ЖОО тұрақты қаржылық жағдайы	Жұмыс істеуге, өмір сүруге қолайлы жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік және басқа да бағдарламаларды дамыту

Бакалавриат пен магистратура мамандықтарының кең таңдауы	Имидждік, ақпараттық және кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту
ПОҚ және жоғары әкімшілік буынның білікті құрамы	Автономиялық басқару Принциптерін енгізу
Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу	e-learning және SMART-Университетті дамыту
Еліміздің саяси-қоғамдық өміріне қатысу және халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі	Докторантура мен магистратураның жаңа білім беру бағдарламаларын ашу
Мәдени және зияткерлік даму үшін жасалған жағдай, білім алушылар мен қызметкерлердің салауатты өмір салтын қалыптастыру	Монғолия филиалында, И.Ползунов атындағы АлтМУ (Барнауыл қ. Ресей) және Іле университетінің (Құлжа, ҚХР) тіл мен мәдениетті дамыту орталықтарында Университет қызметінің аясын кеңейту
Жекелеген бағыттар бойынша дамыған ғылыми мектептер	
Шетелдік және қазақстандық тәжірибелік мамандарды шақыру	
Корпоративтік басқару принциптерін енгізу	
Әлсіз жақтары (Weaknesses)	Қатерлер (threats)
Республикалық бюджеттен және халықаралық гранттар арқылы ҒЗЖ қаржыландыру үлесінің аздығы	Жоғары білімді мемлекеттік қаржыландыруының төмендеуі, мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстың азаюы
Жобаларды коммерцияландыру мен патенттер енгізуге жағдай жасалмауы	Басқа жоғары оқу орындарының ақылы оқытудың құнын заңсыз төмендету және ПОҚ жалақысын заңсыз көтеру
ПОҚ-тың қартаю тенденциясы, кәсіби шеберлікті шетелдерде арттыру мүмкіндігіне шектеулердің болуы	Өткен жылдарда орын алған демографиялық өзгерістердің теріс әсері
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен инновациялар ендірудің жеткіліксіздігі	Университет кадрларының өзге салаларға немесе Республиканың басқа аймақтарына кетуі
Жоғары импакт-факторы бар рейтингтік журналдардағы басылымдар санының аздығы	
ПОҚ және білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлықтың дамуының жеткіліксіз деңгейі	

Кесте – 2 Тәуекелді басқару

Тәуекел атауы	Тәуекелдің алдын алу шараларын жүргізбегенде және (немесе) дер кезінде шаралар қабылдамаған жағдайда тууы мүмкінсалдары	Басқару механизмдері мен шаралары
Сыртқы		
1. Жаһандық валюталық-қаржылық дағдарыс	С.Аманжолов атындағы ШҚМУ даму Стратегиясын жүзеге асыруға қаржының жетіспеуі	Қосалқы міндеттерді жүзеге асыруға арналған шығындарды қысқарту; Материалдық ресурстар мен қаржыны үнемдеу; ЖОО Жарғысында көрсетілген қосымша қаржыландыру көздерін іздестіру және іске қосу (зерттеулер жүргізу бойынша шаруашылық келісімшарттар, жобаларды сараптау, кәсіпкерлікті дамыту мен бизнес-құрылымдардың, ҒЗИ және басқа да білім және ғылым орталықтарымен жасалған келісімшарттар негізінде зертханаларын, өндірістік базаларын пайдалану, донорлық қолдау)
Ішкі (университеттік)		
2. Корпоративті басқару мәдениеті мен менеджменттің функционалды-дивизионалды моделін дамыту есебінен құрылымдық бөлімшелер автономия- сының әлсіреуі	Университетті басқарудың қиындауы мен С.Аманжолов атындағы ШҚМУ даму Стратегиясы мақсаттарының орындалмауы	Моделдің дивизионалды бөлшегінің жауаптылығын арттыратын шараларға сәйкес моделдің функционалды бөлімшесі жұмысының тиімділігі мен сапасын көтеру Құрылымдық бөлімше басшыларының құқықтық және кәсіби мәдениетін көтеруге арналған шараларды жүзеге асыру, аттестаттаудан өткізу
3. Шетелдік менеджмент тәжірибесінің отандық	Қазақстан Республикасы заңнамасына ЖОО-	Ұсынылған менеджмент тәжірибесінің Қазақстан Республикасы заңнамасына

нормативті-құқықтық базаға бейімделуінің жеткіліксіздігі	ның басқару мәселелеріне қатысты ұсынған шешімдерінің сәйкеспеуі	сәйкестігіне сараптама жасау ҚР БЖҒМ-не ЖОО қызметінің нормативті-құқықтық базасына өзгерістер енгізу туралы негізделген ұсыныстар беру
4. Ғылым кандидаттары мен докторлары санының кемуі	ЖОО қызметі сапасының төмендеуі және С.Аманжолов атындағы ШҚМУ даму Стратегиясы мақсаттарының орындалмауы	Шетелдік дәстүрлі аспирантура мен докторантураның мүмкіндіктерін пайдалану. ҚР БЖҒМ-де аймақтық жоғары оқу орындарына арнап шетелдік ЖОО-да магистрлер мен PhD докторларын дайындауға мақсатты бюджетті орындар бөлу мәселесін шешу
5. Жоғары білім жүйесіндегі еңбекақы мөлшерінің төмендігіне байланысты жоғары білікті кадрлардың университеттен кетуі	ПОҚ кәсіби мүмкіндіктерінің төмендеуі және С.Аманжолов атындағы ШҚМУ даму Стратегиясы мақсаттарының орындалмауы	Қосымша қаржыландыру көздерін табу үшін университеттің кәсіпкерлік статусын ұтымды пайдалану. Еңбекақы төлеуді дифференциациялау.
6. Жаңа таңдау пәндерін жасауға қатысушы – бизнес өкілдерінің дайын болмауы және қызығушылық танытпауы	Университеттің бәсекеге қабілетті және имидждік басымдығы – студенттердің іргелі дайындық деңгейінің (сапасының) төмендеуі	Іргелі университет білімінің артықшылықтарын негіздеу үшін оқу орны серіктестерімен жүйелі жұмыс жүргізу

IV. Университет қызметінің стратегиялық бағыттары

Университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша дамудың негізгі стратегиялық бағыттарын іске асыру міндеттері **екі кезеңде** шешуді қажет етеді:

Бірінші кезең (2017-2018 жж.): негізгі міндеті – оқу-тәрбие үрдісінің мазмұндық, әдістемелік, ұйымдастырушылық және ғылыми құрамдастарын жаңарту мақсатында кадрлық, материалдық, қаржылық және ақпараттық ресурстарды шоғырландыру негізінде бірқатар өзекті бағыттар бойынша кадрлар даярлаудың инновациялық жүйесін дамыту; заманауи бәсекеге қабілетті инновациялық инфрақұрылымды құру.

Екінші кезең (2019-2021 жж.): негізгі міндеті – өзінің міндетін іске асыруды және келешекте тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында

инновациялық үлгідегі университетті - ғылыми-зерттеу және білім орталығын құруды аяқтау.

Күтілетін нәтижелер:

2017-2018 жж. Университеттің материалды-техникалық базасының дамуын қаржыландыру білім беру және инновациялық қызметтен түсетін кіріс есебінен жүзеге асатын болады. Университет:

– заманауи білімді өндіруді және жеткізуді қамтамасыз етеді, ғылыми-зерттеу жұмысы мен инновациялық қызметті білім беру үрдісімен органикалық бірлікте атқарады;

– еліміздің негізгі ғылыми бағыттары мен экономиканың басымды секторларында жоғары технологиялар мен инновациялық жасалымдар құру бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерге бағытталады;

– инновациялық білім технологиялары мен түпкі нәтижеге бағытталған жаңа формациядағы мұғалімдер даярлауды жалғастырады;

– магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларының тізімін арттыра түседі;

– көптілдікті ескере отырып жаңа білім беру бағдарламаларын ендіреді;

– зертханалардан, оқу және ғылыми-білім орталықтарынан тұратын ғылыми-техникалық және экономикалық кеңістікті жетілдіру;

– педагогика және психология, экономика және құқық саласына консалтингтік қызметін ендіру;

– инновациялық жасалымдардың коммерцияландыруын белсендіру;

– бірлескен зерттеулерді орындау, нәтижелерін басып шығару үшін шетелдік ҒЗИ және ғылыми орталықтарымен қарым-қатынас орнату;

– жетекші мамандардың шетел ЖОО-мен ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуіне қолғабыс тигізу, шетелдік ғылыми-білім мекемелерінің, ҒЗИ, ҒЗО профессорлары және зерттеушілерімен тиімді екіжақты алмасу жасасу;

2019-2021 жж. Университет келесі міндеттерді шешуге әзір болады:

– қосдипломды білім мен дуальды оқытудың дамуын ескере отырып, оқу және ғылыми-инновациялық кірігудің (интеграцияның) үлгісін жасау;

– SMART-университетті қалыптастыру;

– ЖОО тартымдылығын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды ендіру;

– қосымша білім беру бағдарламаларын ілгерілету;

– ғылыми жетістіктер мен патент алуды коммерцияландыру;

– кадрлар даярлау жүйесін өзгерту;

– ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханаларында пәнаралық зерттеулер ауқымын кеңейту;

– ЖОО автономиясы принциптерін ендіру.

Университет бұл міндеттерді шешу үшін тек оқытушылар мен зерттеушілер ұжымында ғана емес, университетті басқару саласында да адами капиталдың сапасын арттыруға баса назар аударуы тиіс.

V. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары және көрсеткіштері

Стратегиялық бағыттар атауы	Өлшем бірл.	Есепті кезең	Жоспарлы кезең				
		2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1 Стратегиялық бағыт	Экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету						
Мақсаты	Ғылыми, педагогикалық, кәсіби-тәжірибелік қызметті жүзеге асыру үшін терең білімді, инновациялық тәсілдерді меңгерген, зерттеушілік дағдылары бар бәсекеге қабілетті жаңа көзқарасты маман дайындау						
Міндет 1.1	Сапалы білім беру қызметін ұсыну және аймақ пен республикаға кадрлар даярлау						
Мақсатты индикаторлар:							
Мемлекеттік тапсырыс бойынша бакалавриатта оқитын білім алушылар саны	Адам	1105	1200	1300	1400	1500	1600
Ақылы келісімшарт бойынша бакалавриатта оқитын білім алушылар саны	Адам	2922	3100	3300	3500	3700	3800
Мемлекеттік тапсырыс бойынша магистратурада оқитын білім алушылар саны	Адам	120	120	120	125	125	125
Ақылы келісімшарт бойынша магистратурада оқитын білім алушылар саны	Адам	150	150	150	155	160	160
Phd докторантурада оқитын білім алушылар саны	Адам	3	3	4	5	6	6
Қос дипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының саны	Бірл.	2	3	4	4	5	6

Шетелдік студенттер саны	Адам	174	180	190	200	210	220
Ағылшын тілінде оқитын студенттер саны	Адам	342	400	430	450	470	500
Қызығушылық танытқан ұйымдар бөлген гранттар есебінен білім алатын студенттер саны	Адам	21	24	25	27	30	30
Шетелдік ЖОО-да академиялық ұтқырлық бойынша оқитын студенттер саны	Адам	41	45	50	55	60	60
Шетелден жұмылдырылған ПОҚ саны	Адам	20	24	30	32	35	35
ТОП-500 қатарына кіретін ЖОО-мен халықаралық ынтымақтастық аясында жүзеге асырылған келісімшарттар саны	Бірл.	5	6	8	9	10	10
Жұмыс берушілермен жұмысқа орналасу және тәжірибе алу үшін шарттар саны	Бірл.		140	150	155	160	165
Түлектердің жалпы санынан ЖОО-нын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы мамандығы бойынша орналасқан ЖОО түлектерінің саны	Адам	885	920	950	960	980	980
6,0 баллды IELTS сертификаты бар студенттер саны	Адам	12	12	12	13	13	15
ОЖСБ межелік деңгейінен өткен студенттер үлесі	%	96	96,5	97	97,5	98	98
Міндет 1.2	Аймақ пен республикаға бәсекеге қабілетті жоғары білікті кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін кәсіби оқу бағдарламаларын жетілдіру						
Халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру-кәсіптік бағдарламалардың саны	Бірл.	73	74	75	75	76	78

Ағылшын тілінде жүргізілетін кәсіби білім беру бағдарламаларының саны	Бірл.	3	4	7	9	9	9
Кітапхана қорын жаңа, өзекті басылымдар мен әдебиеттермен толықтыру	Бірл.	9050	10000	10500	11000	11500	11500
Жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының саны	Бірл.		48	50	55	60	65
Мамандықтар бойынша, оның ішінде педагогикалық мамандықтар бойынша біліктілігін арттырған, қайта даярлаудан, тағылымдамадан өткен оқытушы-профессор құрамының саны	Адам	50	50	50	50	52	52
Шетелде (белгілі әлемдік білім және ғылым орталықтарында) біліктілігін арттырған ПОҚ саны	Адам	14	14	14	15	16	16
Болашақ, ДААД, Erasmus Mundus, KOICA, Goethe-Institut, ИТЕС және т.б. халықаралық шәкіртақылары аясында білім алу және тағылымдамадан өту	Адам	7	7	7	8	8	8
Шет тілі білімін растайтын сертификаты бар педагогикалық кадрлар саны	Адам	8	9	9	10	10	12
Ағылшын тілінде оқытушылар саны	Бірл.		46	50	55	60	65
Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ саны	Адам	145	147	148	149	150	150
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жағдайлар жасалынған объектілер саны (пандустар, лифтілер, әлеуметтік объектілер, кітапханалар)	Бірл.	1	3	6	9	12	12
Шетелдегі филиал мен кеңселер саны	Бірл.	2	3	3	4	4	4

Міндет 1.3	Білім беру қызметтері сапасын бақылаудың заманауи тетіктерін пайдалану						
Жооға «Назарбаев Университет» үлгісі бойынша басқару жүйесін енгізу (қамқоршылық кеңестер, бақылау кеңестері), жоолаар академиялық және басқарушылық қызметінде жоолаар дербестігі қағидаларын іске асыру шеңберіндегі кеңестер саны	Бірл.	2	2	2	2	2	2
Университет түлектері қауымдастығының шеңберінде ұйымдастырылған іс-шаралар саны	Бірл.	1	1	1	1	1	1
Мемлекеттік органдар мен Кеңестерде, аймақ пен ел өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері қауымдастығында, қоғамдық ұйымдар басқармасында ЖОО басшылығының мүшелігін қамтамасыз ету.	Адам	6	6	6	6	7	7
Ұлттық институционалды аккредиттеуден өту	Бірл.	1	1	1	1	1	1
QS-WUR рейтингінде ШҚМУ орны	орны	-	-	-	700+	700+	700+
2. Стратегиялық бағыт	Мемлекеттің тұрақты дамуын және экономиканы жедел әртараптандыруды ғылыми қамтамасыз ету						
Мақсат	Аймақ пен ел экономикасы мен әлеуметтік салаларының басым бағыттарын дамытуды ғылыми және ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз ету						
Міндет 2.1	Ғылым мен білім беру интеграциясында ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру						
Коммерцияланған жобалар мен жүзеге асырылған стартаптар	Бірл.				1	1	1

Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санындағы коммерцияландырылған жобалардың үлесі	%	5,00	6,00	7,00	7,50	10,00	15,00
Мойындалған ғылыми нәтижелер мен алынған өнертабыс куәліктері, патент және лицензиялар саны (100 ғылыми қызметкерге шаққанда)	Бірл.	4	5	5	6	8	10
Нөлден жоғары импакт-факторға ие ғылыми журналдардағы мақалалар саны	Бірл.	13	13	14	15	16	17
Кафедралар мен Жас ғалымдар кеңесі мақұлдаған іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысатын немесе өзінің ғылыми жобаларын жасайтын күндізгі бөлім студенттерінің, магистранттарының және жас ғалымдардың саны	Адам	315	320	380	400	420	450
Штаттағы ПОҚ жалпы санынан іргелі және қолданбалы бағдарламаларды орындауға қатысатын ПОҚ-ның саны	Адам	98	98	105	110	115	115
Ұтып алынған шәкіртақылардың, гранттардың саны	Бірл.	5	5	6	8	9	9
Қолданбалы зерттеулердің ғылыми бағдарламалар саны	Бірл.	4	4	4	4	4	4
Гранттар бойынша құрастырылған ғылыми-техникалық жобалардың саны	Бірл.	9	9	9	10	11	11
Шетелдік серіктестермен бірлескен ғылыми және білім беруге арналған жобалар саны	Бірл.	4	4	5	5	6	7
Жарияланымдардың жалпы санынан Web of Science Core collection (Thomson Reuters, Scopus) базасы	Бірл.	6	7	7	9	11	12

бойынша жарияланымдардың дәйексөз келтірілгендер саны							
Міндет 2.2	Заманауи ғылыми инфрақұрылым қалыптастыру және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру						
Қазақстан мен шетелдің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен штаттағы ғылыми қызметкерлердің саны	Адам	17	17	18	19	20	20
Университеттің ҒЗТКЖ орындауына қатысатын шетелдік ғылыми-кеңесшілер саны	Адам	3	3	3	3	4	4
Жыл сайын құрылған инновациялық құрылымдар (бизнес-инкубатор, шағын инновациялық кәсіпорындар, ғылыми-технологиялық орталық), оқу-зерттеу зертханаларының саны	Бірл.	1	1	1	1	1	1
Қолданыстағы инфрақұрылымның мультипликативті әсерін қамтамасыз ету үшін жыл сайын құрылған ғылыми-инновациялық білім беретін консорциумдардың саны	Бірл.	1	1	1	1	1	1
ҒЗТКЖ-ны қаржыландырудың жалпы көлемінде тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге арналған шығындардың үлесі	%	5,50	7,50	9,50	12,00	20,00	20,00
тәжірибелік және құрылымдық бюролар саны	Бірл.				1	1	1
3 Стратегиялық бағыт	Маманның бойында адам капиталының маңызды қасиеттері ретінде азаматтық пен отансүйгіштік, тарихи үрдісті сомдаушы және өзін-өзі тәрбиелеуші тұлғаға тән қасиеттерді қалыптастыру үшін қажетті жағдай жасау						

Мақсат	Кәсіби және әлеуметтік құзыреттіліктерге ие рухани дүниесі бай, бәсекеге қабілетті азамат пен патриот тәрбиелеу						
Міндет 3.1	Университетшілік және университеттен тыс жастар ұйымдарына және басқа да ұйымдарға студенттердің қатысуына қолдау көрсету						
Жастар ұйымының, жергілікті өзін-өзі басқару және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысына қатысатын студенттер үлесі	%	31,5	32,5	33	34	35	35
Қалалық емес студенттердің жалпы санынан жатақханада баспанамен қамтамасыз етілгендердің алатын үлесі	%	100	100	100	100	100	100
Қалалық емес студенттердің тұруына арналған төсек орындарының саны	Бірл.		1753	1753	1753	1753	1753
ЖОО студенттерінің жалпы санынан спорт секцияларына тартылғандар үлесі	%	20	25	28	30	35	35
Жастарды рухани-адамгершілік тәрбие, отансүйгіштікті қалыптастыру, салауатты өмір салты, отбасы және неке институты, кәсіпкерлікті дамыту, құқық бұзушылықтардың алдын алу мемлекеттік рәміздерді дәріптеу жастарды қоғамдық-саяси өмірге тарту, волонтерлықты дамыту және т.б. бойынша маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру	Бірл.	3	3	4	5	5	5
Ұлттық студенттер лигасына қатысу	Бірл.	1	1	1	1	1	1
Әлеуметтік басқару, жастар саясаты және жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне арналған	Бірл.	6	7	7	7	8	8

көшбасшылық мектептерін, тренингтер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру							
Студенттердің жалпы контингентінен жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласындағы шараларды жүзеге асыруға белсенді қатысатын жастардың үлесі	%	55	60	61	64	65	65

Қорытынды

Осы Стратегиялық жоспардың мақсаттары мен механизмдерін жүзеге асыру үшін Университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша сәйкес стратегиялық жоспарлау құжаттарын жасау және бекіту;

Іс-шаралар жоспарының орындалуын белсендіру үшін Университет бағалау критерийлерінің жүйесін жасайды, мониторинг пен орындалу барысына бақылау жүргізеді, қажетті жағдайда Стратегия мен іс-шаралар жоспарына сәйкесінше өзгерістер енгізеді;

Стратегияны жүзеге асыру Университетке Қазақстан Республикасы Президенті жүктеген: еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті кадрлар дайындау, Университеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі, ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелігіндегі серпін, ЖОО-ның отандық және халықаралық рейтингінде Университеттің лайықты орын алуы міндеттерін орындауға мүмкіндік береді.

VII. Стратегияны әзірлеуге негіз болған бағдарламалық және басқа да нормативті-құқықтық құжаттар тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанындағы №922 Жарлығымен бекітілген);

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы;

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары» туралы №729 Қаулысы;

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурызындағы «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» № 205 Жарлығы;

6. Қазақстан Республикасы Президенті– Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.

7. Қазақстан Республикасы Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған 2014 жылғы 18 қаңтардағы «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы;

8. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»;

9. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы;

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 –

2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 243 Жарлығы.